

"Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамының еншілес және тәуелді ұйымдары акцияларының пакеттерін бағалы қағаздар нарығына шығару бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 8 қыркүйектегі № 1027 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 10 қазандағы № 1084 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 5 шілдедегі № 395 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.07.2016 № 395 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының еншілес және тәуелді ұйымдары акцияларының пакеттерін бағалы қағаздар нарығына шығару бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 8 қыркүйектегі № 1027 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 23, 288-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының еншілес және тәуелді ұйымдары акцияларының пакеттерін бағалы қағаздар нарығына шығару бағдарламасында:

бүкіл мәтіні бойынша «халық», «халықтың», «халқының», «халыққа» деген сөздер тиісінше «Қазақстан Республикасының азаматтары», «Қазақстан Республикасы азаматтарының», «Қазақстан Республикасының азаматтарына» деген сөздермен ауыстырылсын;

«Бағдарламаның паспорты» деген 1-бөлімде: «Іске асыру мерзімі» деген кіші бөлімдегі «2011 - 2015» деген сандар «2011 - 2022» деген сандармен ауыстырылсын;

«Мақсатты индикаторлар» деген кіші бөлімде: 1) тармақша алынып тасталсын; 3) және 4) тармақшалардағы «2015» деген сандар «2022» деген сандармен ауыстырылсын;

«Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері, мақсатты индикаторлары» деген 4 - бөлімде:

бесінші бөліктің «Халықтық IPO» шеңберінде Қордың 6 еншілес және тәуелді компанияларының акцияларын орналастыру;» деген екінші абзацы алынып

т а с т а л с ы н ;

бесінші бөліктің төртінші және бесінші абзацтары мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

«Қазақстан қор биржасы акциялар нарығын (капиталдандыру) көлемін 2011 жылғы орташа көрсеткіштен 2022 жылға қарай кемінде 15 – 20 %-ға өсіру;

Қор компанияларының акцияларын орналастыру шеңберінде 2022 жылға дейін кемінде 500 млн. АҚШ долларын тарту.»;

«Халықтық IPO» бағдарламасын іске асыру кезеңдері. Акцияларды бағалы қағаздар нарығына шығару» деген 5-бөлімде:

бірінші бөліктегі «5 %-ынан бастап 15 %-ына дейін құрайды» деген сөздер «5 %-ынан бастап 25 %-ына дейін минус бір акцияны құрайды» деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

«Компанияларды іріктеу үдерісі» деген кіші бөлімде: он бесінші және он алтыншы бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

«Компаниялардың I эшелоны (2012 жылдың 4-тоқсаны):

« Қ а з Т р а н с О й л » А Қ ;

«Компаниялардың II эшелоны (2014 – 2015 жылдар):

1) « К Е Г О С » А Қ ;

2) «Самұрық-Энерго» АҚ.»;

«Компаниялардың III эшелоны (2014 - 2015 жылдар):

1) «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ;

2) «Қазтеміртранс» АҚ.» деген он жетінші бөлік алынып тасталсын;

он сегізінші және он тоғызыншы бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

«Акцияларының құбылмалылық тәуекелі жоғары компаниялар тобы (2015 ж ы л д а н к е й і н) :

1) «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ;

2) «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ;

3) басқа да компаниялар.

Іріктелген кандидат компаниялардың дайындық дәрежесінің әртүрлігіне қарай, компаниялардың әрқайсысының IPO-ға шығу мерзімі IPO-ға дайындық бойынша қажетті іс-шаралардың жүргізілу қарқынына байланысты болады. Осыған байланысты, іріктелген кандидат компанияларға IPO-ға шығудың көрсетілген мерзімдеріне сәйкес IPO-ға дайындалу және оны іске асыру жөніндегі іс-шаралардың егжей-тегжейлі жоспарын әзірлеу қажет.»;

«IPO-ға дайындалу процесі» деген кіші бөлімде:

оныншы бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Орналастыруға дайындау жөніндегі фазаны аяқтау I эшелонның кандидат компаниялары үшін 2012 жылғы сәуір-тамызға қарай, II эшелонның кандидат компаниялары үшін 2015 жылғы төртінші тоқсанының соңына дейін іске

асырылатын болады.» ;

он алтыншы бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Акцияларды бағалы қағаздар нарығында орналастыру фазасын жүргізу I эшелонның кандидат компаниялары үшін 2012 жылғы төртінші тоқсанның соңына дейін, II эшелонның кандидат компаниялары үшін 2015 жылғы төртінші тоқсанның соңына дейін іске асырылатын болады.»;

көрсетілген Бағдарламаға 2-қосымшада:

«Маркетингтік науқан» деген 6-бөлімнің реттік нөмірлері 15 және 16-жолының 4-бағанындағы «2015» деген сандар «2022» деген сандармен ауыстырылсын .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі *К. Мәсімов*